

Музыка жетекшісінің 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

ЖШС "Жансултан и К" "Бағдаршам" балабақшасы

Топ: «Балбөбек» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3-4 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка	<ul style="list-style-type: none">- музыкаға қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауды мен қиялдауды дамыту;- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. <p>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.</p> <p>Музыка тыңдау.</p> <p>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үрету.</p> <p>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си)</p>

диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.

Музыкалық-ырғактық қозғалыстар.

Музыкамен жұру мен жүгіруді ырғакты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жұру және шашырап жүргүре үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қымылдарды орындау, қымылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қымылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғакты қымылдар орындау.

Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.

Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғының дыбысталуымен таныстыру.